

8D12102 – «Әскери тарих» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
полковник Снатаев Ербол Дәулетбақұлының
«Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери полициясының
құрылуы және даму тарихы» атты диссертациялық жұмысына
берілген ғылыми кеңесші, т.ғ.к., полковник А.С. Макинөвтің
ШКІРІ

Полковник Е.Д. Снатаев 2020 жылдың қыркүйегінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университетіне аталған оқу орнының әскери-гуманитарлық ғылымдар факультетіндегі қоғамдық пәндер және педагогика кафедрасының аға оқытушысы қызметінен оқуға түсті.

Докторантурада оқу барысында өзін сауатты, тәртіпті, мақсаткер тұлға ретінде көрсетіп, өз бетінше ғылыми ізденіс жасауға айтарлықтай дайын екендігін танытты.

Снатаев Ербол Дәулетбақұлы еңбек қабілеттілігімен, тыңғылықтылығымен және жауапкершілігімен ерекшеленеді.

Ізденуші мемлекет атрибуты ретінде тұтастай армия үшін өзекті тақырыпты таңдады, себебі Әскери полиция көптеген елдердің қарулы күштеріндегі заңдылық пен құқықтық тәртіп сақтау жүйесінің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі, әскери қызметшілер арасындағы қылмыскерлікпен күресу әрі құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатындағы тиімді құрал болып табылады.

Әскерде құқықтық тәртіпті қадағалайтын, былайша айтқанда, оның құқықтық өзегі болатын құрылымды ұйымдастыру жаңа идея емес. Ол белгілі бір түрде әр қилы тарихи кезеңдерде әрі әр түрлі мемлекеттерде жүзеге асырылып келді.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері жағдайында әскери құқық қорғау органының – әскери полицияның болуы мен қызмет етуі қазақстандық армиядағы құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің аса

3	Кіріс
парақ листов	Вх. №
20 22 ж/г	29 69/3007-6
"ҚР ТҰҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ- ЕЛБАСЫ АТЫНДАҒЫ ҰҚУ" "НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ОБОРОНЫ ИМ. ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА РК ЕЛБАСЫ АТЫНДА"	

маңызды факторы болып табылады. Мұны көптеген статистикалық деректер растайды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі де бұрынғы кеңестік кеңістіктегі барлық елдерде тақырыптың жеткіліксіз зерттелуімен дәйектеледі.

Жұмыстың құрылымы логикалық тұрғыдан қисынды әрі ҚР ҚК Әскери полиция органдарының құрылу, дамуын кезеңге болу бойынша алға қойылған мақсат пен міндеттерге қол жеткізуге бағытталған.

Ұсынылған докторлық диссертацияны Спатаев Ербол Дәулетбақұлы өз бетінше орындаған, бұл оның ғылыми ізденістерінің заңды әрі логикалық негізделген нәтижесі болып табылады. Ізденуші әскери тарих теориясы саласында қажетті дәрежеде білімділігін көрсетті, бұл өз кезегінде оған докторлық диссертация дайындауға мүмкіндік берді.

Ізденуші зерттеліп отырған мәселе бойынша ҚР ҚК әскери полициясын құру тәжірибесін әлемнің жетекші шет мемлекеттерінің (АҚШ, Еуропа, ТМД және Азия елдері) армияларындағы құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша органдардың қызметтік сипаттамаларының параметрлерімен салыстыру және салғастырудың әдісін қолдана отырып, шетел әдебиетіне талдау жүргізді. «Әскери полиция органдары туралы» ҚР Заңында Қазақстандағы әскери полицияның одан әрі оңтайлы дамуына кедергі келтіретін бірқатар кемшіліктер мен олжылықтарды анықтады.

Бұған қоса шығарманылық тәсілдер, тұлғалық және зерттеушілік қасиеттер айтарлықтай дәрежеде көрініс тапқан. Ғылыми айналымға алған рет енгізілген мұрағат материалдары ұсынылған.

Ізденуші үш жаңа стенд жасау арқылы Әскери тарих мұражайындағы ҚР ҚК әскери полиция органдарына арналған экспонат-стендтерді жақсартқан. Ғылыми зерттеулер нәтижелерін апробациялаудың бірқатар актілері алынып, олардың Әскери полиция мамандарын даярлау орталығындағы жаңа оқу-әдістемелік құралдарды дайындауда пайдаланылғаны туралы да айта кету керек.

Ізденуші зерттеу нәтижелері туралы бірнеше рет баяндалды, олар әскери тарих және құқық кафедрасында талқыланды, сонымен қатар олар 9 басылымда жарияланған, оның ішінде 8-і Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми журналдарда, 1-і ҚР Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ведомстволық журналында шектеулі таралым белгісімен жарық көрген.

Қорытынды: Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, келесідей тұжырым жасауға болады: Спатаев Ербол Дәулетбақұлының «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери полициясының құрылуы және даму тарихы» тақырыбында орындаған диссертациялық жұмысын «Әскери тарих» мамандығы бойынша диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынуға болады.

Ғылыми кеңесші

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті –
Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университетінің
Әскери-гуманитарлық ғылымдар факультеті
бастығының орынбасары



Ғылым кандидаты, полковник

А. Макипов

022 ж.